



ЖШС «Кеніп Сапа-Батыс» «Құралай» балабақшасының
оқу жоспары
2022 – 2023 оқу жылы

Ақтөбе -2022ж

ТҮСІНІК ХАТ

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); (2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (2020 жылғы

24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы.) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022 -2023 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды , мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда белгіленген санитарлық – гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді .

«Құралай» балабақшасында 2022 -2023 оқу жылында 2 топ жұмыс жасайды .

Ортаңғы тобы (3 жас)- 1 топ.

Ересек (4 жас) – 1 топ.

Оқыту және тәрбиелеу жұмыстары қазақ тілінде жүргізіледі .

«Құралай» балабақшасындағы оқу – тәрбие жұмысының жүргізілуіне құрылған .

2022- 2023 ж оқу жоспары педагогикалық кеңесте қаралып (хаттама № 1 31 .08.2022 ж) қалалық сараптау комиссиясының шешімі және бұйрығы № ____ . 09.2022 ж негізінде жүзеге асырылады .

2022 – 2023 оқу жылына оқу жоспары

№ р/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка ****	күн сайын	күн сайын

